

Келісілді:

«Ақмола облысы мәдениет
басқармасы» басшысы
А.Б. Сәбитова



Бекітілді:

«Көкшетау» МС
МККК директоры
А.Н. Курманова



«СӘН МЕН САЛТАНАТ» ОБЛЫСТЫҚ ФЕСТИВАЛІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

«Көкшетау» мәдениет сарайы Наурыз мейрамын тойлау онкүндігі аясында облыстық ұлттық киім «Сән мен салтанат» фестивалін өткізеді - бұл іс-шара ұлттық мәдени мұраны сақтауға және дәріптеуге, қазақ халқының дәстүрлі киімдерінің әсемдігі мен бірегейлігін көрсетуге, сондай-ақ рухани бірлік пен өз түп тамыры үшін мақтаныш сезімін нығайтуға бағытталған.

Ұлттық киім фестивалі - киімдерді көрсету ғана емес, бұл мәдениетке, тарихқа және салт-дәстүрдің байлығына деген терең көзқарас. Ұлттық киім шеберлердің сұлулығы мен шығармашылығын ашып қана қоймай, сондай-ақ ата-бабаларымыздың тарихымен, нышандарымен, халықтың рухы мен колоритімен тығыз байланысты білдіреді.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Облыстық ұлттық киім «Сән мен салтанат» фестивалі «Көкшетау» мәдениет сарайында **2025 жылғы 18 наурызда сағат 15: 00-де** өтеді.
- 1.2 Фестивальді ұйымдастырушы – Ақмола облысы мәдениет басқармасы жанындағы «Көкшетау» мәдениет сарайы МККК.
- 1.3 Фестивальдің мақсаттары мен міндеттері:
 - Ұлттық киім призмасы арқылы қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін танымал ету
 - Күнделікті өмірге қазақтың ұлттық киім үлгілерін енгізуге жәрдемдесу
 - Қатысушылардың қазақ ұлттық киімі, оның тарихы мен нышандары туралы білімдерін кеңейту
 - Қазақстанның бай мәдени мұрасы үшін мақтаныш сезімін нығайту
 - Ұлттық киім шебер-дизайнерлерін қолдау

II. ФЕСТИВАЛЬҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

- 2.1 Қазақ ұлттық киім фестиваліне қатысуға Ақмола облысының әр ауданынан дизайнерлер, модельерлер, креаторлар және ұлттық киімдерді көрсету үшін 4-10 модель шақырылады.
- 2.2 Өтінімді dvorec123@mail.ru эл.поштасына **2025 жылғы 3 наурызға** дейін жіберу қажет.
- 2.3 Фестиваль 4 кезеңде дефиле түрінде өтеді:
I кезең: қазақтың тарихи ұлттық киімдері
II кезең: қазақтың әдет-ғұрыптық ұлттық киімдері
III кезең: қазақтың ұлттық үйлену тойына арналған костюмдері
IV кезең: заманауи қазақ ұлттық киімдері

III. ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР

- 3.1 Шығыстар (жол жүру, тұру және тамақтану) жіберуші тараптың есебінен

Мекен-жайымыз: Көкшетау қ., Ақана сері көш., 90,
«Көкшетау» мәдениет сарайы

e.mail: dvorec123@mail.ru

Instagram – @kokshetaumadenietsaray_aqmola

Facebook – Дворец культуры «Кокшетау»

TikTok - kokshetaums_aqmola

Ресми сайт: <https://dkk.kz/>

Анықтама телефоны: 8(7162) -52-37-36

**«СӘН МЕН САЛТАНАТ»
ОБЛЫСТЫҚ ФЕСТИВАЛІНЕ ҚАТЫСУҒА
ӨТІНІМ**

Дизайнер, модельер, креатордың аты-жөні	
Қатысушылардың аты-жөні	
Аудан, елді мекеннің атауы	
Костюмдердің атауы, қысқаша сипаттамасы (костюмдердің ерекшеліктерін, символикасын және бірегейлігін көрсету), костюмнің фотосуреті	
Байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы)	